

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,
Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023

1 САБАҚ

IV МОДУЛЬ. ҚАЙДА ТҰРАСЫЗ?

ҚАЙДА ТҰРАСЫЗ?



1. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

Сіз қайда _____ ?
Мен Астанада _____ .

Сен қайда _____ ?
Мен Шымкентте тұрамын.

Ата-анаңыз қайда _____ ?
Ата-анам Өскеменде тұрады.

Сіз қай _____ тұрасыз?
Мен Абылай хан _____ тұрамын.

Сен қай көшеде тұрасың?
Мен Байтұрсынұлы _____ тұрамын.



Жатыс септік

Зат есім + тәуелдік жалғау+
(-да, -де, -та-те, +нда, -нде)

Бала+да қалам бар.
Менің бала+м+да қалам бар.
Сенің бала+ң+да қалам бар ма?
Сіздің бала+ңыз+да қалам бар ма?
Оның бала+сы+нда қалам бар.

Ата-анаңыз қайда тұрады?
Ата-анам Бұқар жырау _____ тұрады.

Сен қай _____ оқисың?
Мен Көкшетауда оқимын.
Ал мен Талдықорған _____ оқимын.



2. Қажетті жалғауларды жазыңыз.

Менің -м; -ым; -ім	Сенің -ң; -ың; -ің	Сіздің -ңыз; -ңіз; -ыңыз; -іңіз	Оның -сы; -сі; -ы; -і
Менің { дос _____ таныс _____ іні _____ үй _____ жұмыс _____ көлік _____ ана _____	Сенің { дос _____ таныс _____ іні _____ үй _____ жұмыс _____ көлік _____ ана _____	Сіздің { дос _____ таныс _____ іні _____ үй _____ жұмыс _____ көлік _____ ана _____	Оның { дос _____ таныс _____ іні _____ үй _____ жұмыс _____ көлік _____ ана _____



3. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Менің үй+ім+де бау-бақша бар.

Сенің үй _____ бау-бақша бар ма?
Сіздің үй _____ бау-бақша бар ма?
Ата-анамның үй _____ бау бақша бар.
Менің отбасы _____ төрт адам бар.
Сенің отбасы _____ неше адам бар?
Сіздің отбасы _____ неше адам бар?
Оның отбасы _____ төрт адам бар.

Менің дос _____ көлік бар.
Сенің дос _____ көлік бар ма?
Сіздің дос _____ көлік бар ма?
Оның дос _____ көлік бар.
Менің қолымда сағат бар.
Сенің қол _____ сағат бар ма?
Сіздің қол _____ сағат бар ма?
Оның қол _____ сағат бар.



4. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Мен { Сәкен _____ отырмын. _____ отырмын. _____ жүрмін. Байтұрсынұлы _____ тұрмын. Абылай хан _____ тұрамын. _____ тамақ ішіп отырмын. «Тұран-Ел» _____ тамақ ішіп отырмын. _____ боламын. «Зере» _____ боламын. _____ серуендеп жүрмін. «Жеңіс» _____ серуендеп жүрмін.	Сен { театрда _____ ба? дәріханада _____ ба? көшеде _____ бе? Байтұрсынұлы көшесінде _____ ба? Абылай хан даңғылында _____ бе? мейрамханада тамақ _____ бе? «Тұран-Ел» мейрамханасында _____ ба?
--	--

Сіз { әуежайда _____ ?
дәріханада _____ ?
көшеде _____ бе?
Байтұрсынұлы көшесінде _____ ба?
Абылай хан даңғылында _____ бе?
мейрамханада тамақ _____ ?
«Тұран-Ел» мейрамханасында _____ ба?

Ол { кинотеатрда кино көріп отыр.
дәріханада _____ .
көшеде _____ .
Байтұрсынұлы көшесінде _____ .
Абылай хан даңғылында _____ ме?
мейрамханада тамақ _____ ?
«Тұран-Ел» мейрамханасында _____ ме?



5. Сөздердің көмегімен сөйлем құрастырыңыз.

әйеліңіз/жұмыста/Сіздің/ма?

Сіздің әйеліңіз жұмыста ма?

Ертең/досыңыз/қонақта/бола ма

Сенің/Қарқаралыда/тұра ма/ ата-анаң

Әріптесімнің/кеше/болдым/туған күнінде

қонақта /досымның/ Жексенбіде/ үйінде/ болдым

досыңның/Сен/ қонақта/ кеше/ үйінде/ /болдың ба?

болдыңыз ба/?қалада/Сіз/сенбіде/



6. Қажетті жалғауды жалғаңыз, оқыңыз.

-да, -де

-та, -те

-нда, -нде

Астана _____ күн ашық болады.

Алматы _____ жауын-шашын.

Ақтөбе _____ ыстық болады.

Жезқазған _____ жаңбыр жауады.

Көкшетау _____ жаңбыр жауып тұр.

Өскемен _____ күн суытады.

Тараз _____ күн ыстық.

Қарағанды _____ бұлтты.

Талдықорған _____ шуақты.

Қызылорда _____ күн салқын.

Қостанай _____ құбылмалы.

Шымкент _____ ыстық.

Орал _____ ауа райы құбылмалы.

Көкшетау _____ жаңбыр жауды.

Ақтау _____ күн тұман.

Атырау _____ күн құбылмалы.

Ақмола облысы _____ ауа райы ыстық.

Маңғыстау облысы _____ күн құбылмалы.

Оңтүстік-Қазақстан облысы _____ бұршақ жауады.

Батыс-Қазақстан облысы _____ тұман болады.

Солтүстік-Қазақстан облысы _____ көктайғақ.



7. Үлгінің көмегімен орындаңыз.

(тұрасың/тұрамын/тұрып жатырмын)

1. Сен Өскеменде тұрасың ба?

(қалада/қаласында/қалаға)

2. Иә, мен Өскемен _____ тұрамын.

(көшеде/көшесінде/көше)

3. Досым, қай _____ тұрасың?

(Қарағандыда/ Қарағанды/Қарағандыдан)

4. Менің досым _____ қаласында оқиды.

(мейрамхана/мейрамханада/мейрамханасында)

5. Мен _____ тамақ ішіп отырмын.



8. Оқыңыз.

– Әсет, сен Таразда тұрасың ба?

– Жоқ, мен Таразда тұрмаймын.

Таразда ата-анам тұрады. Мен

Алматыда тұрамын.

– Қайда оқисың?

– Мен студент емеспін, Қонаевта жұмыс істеймін.

– Қайда жұмыс істейсің?

Мамандығың заңгер ме?

– Банкте жұмыс істеймін. Мамандығым заңгер емес, бағдарламашы.